



Еңселі Елорда, АСҚАҚТАҒАН АСТАНА!

Елорданы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешімді Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 6 шілдеде қабылдады. Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты. Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Жаңа астананың халықаралық тұсауесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «Әлем қаласы» атағын алды. Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап Астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі. Елорда 2012 жылы «Түркі әлемінің мәдени астанасы» мәртебесіне ие болды. Осы жылдардың ішінде әлемге танылған Астана Қазақстанды да әлемге әйгілі етті. Сарыарқа төсінен бой көтерген Астана бүгінде мемлекетіміздің мақтанышына, еліміздің көркіне айналып отыр.

Қазіргі кезде Астана келешекке қатысты маңызды шешімдер қабылдайтын мемлекетіміздің саяси орталығы ғана емес, ұлттық рухымызды ұйғытып отырған рухани орда. «Еңселі Елорда, асқақтаған Астана!». Бүгін біз осындай қасиетті сөздерді құрметпен, бойымызға біткен ұлтшылдық сезіммен көкірегімізді керіп, аса мақтанышпен айта аламыз, себебі Арканың төрінде сылдырап аққан ерке Есілдің жағалауында орналасқан айбынды Астанамыз бүгінде 20 жасқа толды.

Елбасы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «2018 жыл – елордамыз Астананың 20 жылдығын атап өтетін мерейтойлы жыл. Бас қаламыздың қалыптасуы және Еуразияның маңызды даму орталықтарының қатарына қосылуы – баршамаңыздың ортақ мақтанышымыз», - деп атап көрсеткен. Астана – Қазақ елі болашағының қаласы. Мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің ордасы. Еліміздің көгілдір туы желбіреген тәуелсіздігіміздің ордасы. Жаңа Астанамыздың құрылысы – жас мемлекетіміздің жасампаздыққа ұмтылысының, бүкіл қоғамымыздың жанаруының ерекше символына айналған құбылыс», - деп ерекше атады.

Елбасы айтқандай, бас қаламыз Астананың 20 жылдық қалыптасу және қарышты дамуы ортақ еңбектің арқасы. Бұл кезең еліміздің көшбасшы университеті ҚазҰУ үшін де үлкен мақтаныш. Біздің университетіміз еліміздің өркендеуіне, Елордамыздың гүлденуіне, ортақ мақтанышымызға айналып, жастардың дәрiптелуіне зор үлесін қосып келеді. Соның айқын белгілерінің бірі – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да дәстүрге айналған «Өнер – әлемінің көктемi» атты «Студенттік көктем-2018» көркемөнерпаздар байқауының аяқтық сайысының «Ел жүрегі – Астана» тақырыбында өтуі. Ө.А. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен байқауда барлық факультет студенттері өз шеберліктері мен таланттарын көпшілікке паш етті. Бұл сайыс ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы департаментінің ұйымдастыруымен өткен болатын. Өнерпаздар түрлі халық биі, вокал,

эстрада, заманауи классикалық би, ерекше өнер, авторлық шығармашылық сынды өнер түрлерінен бақ сынасты. Шұғылалы көктеммен сағындырып жететін «Студенттік көктем» байқауының тақырыбы бұл уақытқа дейін әр түрлі елдердің мәдениеті мен өнеріне байланысты таңдалған болса, осы жылы бірыңғай ару қаламыз Астанаға арналды.

Сонымен қатар «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіподағының ұйымдастыруымен мықтылардың мықтысын, жүзден жүйірігін, мыңнан тұлпарын анықтайтын «Ең үздік студенттік топ - 2018» жобасының видео байқауының тақырыбы «Астананың 20 жылдығы» деп аталып, сыйға Елордамызға саяхаттауға жолдама берілді. Финалдық кезеңде биология және биотехнология факультетінің 2 курс студенттері 1-орынды иеленсе, 2018 жылы «Ең үздік студенттік топ» атағын филология және әлем тілдері факультетінің студенттері жеңіп алды.

Бұл жоба жалынды жастардың Елордаға деген қызығушылығының кең өріс алуына тікелей септігін тигізді. ҚазҰУ-дың бірінші курс студенттері арасында өтетін көшбасшылар мектебінің бағдарламасына сәйкес, Астананың қалыптасу тарихы, мәдени орталықтары және сан алуан ескерткіштері мен ғимараттарына байланысты тапсырмалар жинағы берілді. Бұл студенттерге отанымыздың кіндігі Астананың 20 жылдығын сараптап, зерделеуге арналған.

Сондай-ақ «Жаңа әлемге жол саламыз» деген ұранмен Елордамыз Астанада өткен «Жас отан» Жастар қанатының IV съезіне ҚазҰУ көшбасшыларының біркатары қатысып, Алматыдағы студенттер онлайн трансляция арқылы тамашаланды. Осы арқылы Астананың дамуына ҚазҰУ жастары да әрдайым тілекші екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Барша елімізді атаулы мереке – Астананың туған күнімен құттықтаймыз! Еліміздің, ел астанасының абыройы асқақтап, дами берсін!

Нұрсұлтан БЕКҚАЙРОВ,

Жастар ұйымдары Комитетінің жетекшісі

Жалғасы В-бетте

AURAK PEN ҚАЗҰУ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН КЕҢЕЙТУДЕ

ҚазҰУ мен American University of Ras Al Khaimah арасында ықтымақтастық жөнінде келісім шарт жасалды. Қол қою рәсімі университет ректора Ғалым Мұтанов пен AURAK президенті Аль Альким Хасан Хамданның кездесуі барысында жасалды.



Кездесуде ҚазҰУ ректоры жоғары мәртебелі қонаққа университеттің қызметі мен жетістіктері жайында ғана баяндап қоймай, шетелдік жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтармен дамытылып отырған серіктестік бағыттары жайында айтып, жүзеге асырылып жатқан бірлескен халықаралық білім беру және зеттеу жобаларына назар аударды.

Жиында ислам мемлекеттерінің біркатар ЖОО мен белсенді қарым-қатынастар орнатылып, исламдық қаржыландыру және банкінг бағыттары бойынша жұмыстардың аса тиімді екендігі тілге тиек етілді.

«Шетелдік серіктестерімен исламдық қаржыландыру бойынша білім беру бағдарламалары және біркатар ғылыми-тәжірибелік семинарлар мен конференциялар өткізілді. ҚазҰУ бүгінде шығыстану мамандарын даярлау бойынша алдыңғы қатарлы жетекші жоғары оқу орны болып отыр. Университетте «Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия» кафедрасы мен арабтану ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді», - делі ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов.

Аль Альким мырза өз сөзінде университет басшылығына ризашылығын білдіріп, American University of Ras Al Khaimah университетінің Эмираттардың мемлекеттік жоғары оқу орны екендігін атап өтті. Ол 2009 жылы ашылып басты

бағыты – инженерлік және IT, сәулет және химиялық мұнай, экономика және бизнес, сандық медиа мен PR мамандықтарына арналған 4 факультеттің ашылғандығын жеткізді. Сондай-ақ университет тұрақты даму саласы бойынша алуан түрлі ғылыми зерттеулер жүргізетіндігін де айта кетті.

«Бұл бағытта ҚазҰУ біз үшін аса ерекше қызығушылығымызға ие болып отыр. Қазақстандық ЖОО БҰҰ «Академиялық ықпал» бойынша тұрақты даму бағдарламасының жаһандық хабын ойдағыдай атқаруда. Сіздердің тәжірибелеріңіз бен жобаларыңыз аса өзекті болғандықтан ерекше назарға ие», - деп атап өтті Аль Альким. AURAK Президенті 2020 жылы өтетін Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған мерейтой шараларына шақыруы үшін ҚазҰУ ректорына алғысын білдірді.

Келіссіздер кезінде тараптар айтылған жобаларды жүзеге асыруға қатысты мәселелерін талқылап болғаннан соң, екі жақты ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойды. Сапар барысында делегация қонақтары университеттің Әл-Фараби атындағы кітапханасын, «Керемет» СККО, ҚазҰУ мұражайы, технопарк және жағдаяттық басқару орталығының жұмысымен танысып қайтты.

Өз тілшімізден



МЕДИА БІЛІМ БЕРУ

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрі Д. Абаев және ҚР Білім және ғылым министрі Е. Сағадиевтің қатысуымен Астанада еліміздегі медиа саласындағы кадрлардың әлеуетін тиімді дамыту және медиа білім беру сапасын жақсарту бойынша мәжіліс өтті. Жиында БАҚ бас редакторлары, ЖОО журналистика кафедраларының меңгерушілері, салалық қауымдастық өкілдері медиа білім беру мәселесін талқылады.



орны журналистер даярлайды.

Осы мәжілістен соң журналистика факультетінде Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күніне орай «Заманға лайық журналист мамандар даярлау мәселелері» атты республикалық оқу-тәжірибелік алқасөз өтті. Алқасөз нәтижесінде факультеттің № 222 Ж. Кенжалин атындағы «Баспасөз және жана медиа оқу» дәрiсханасы БАҚ басшылары қолдауымен жабдықталмақ.

Журналистика-ақпараттармен жаңалықтардың галактикасы. Ақпарат индустриясында ең ұшқырлар мен тапқырлар ғана өзінің биігіне самғай алмақ. Біз ұшырып жатқан әрбір түлек осынау алып ғаламнан үзік болса да цифрлық

ядроның бір кірпішін өзіне еншілеп алып жатса, сол үлкен абырой. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз және электронды кафедрасы Қазақстанда журналистика мамандығы бойынша алғаш рет ағылшын тобы түлектерін ұшырды.

Жюль Верннің 2889 жылғы американдық журналистін бір күні әңгімесінде: «До чего же выгодное ремесло — ремесло журналиста в конце двадцать девятого века!», -деген тезісі шын мәнінде ғасырларды ақпаратпен жалғап тұрған ақиқатты ұсынды.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі

ҚР БҒМ Министрі Ерлан Сағадиев журналистика бойынша білім берудің жаңа форматына көшу жолдарын ұсынды: «Журналистика алдымен кәсіп. Сондықтан осы саланың маманы болу үшін өзің жазатын саланың маманы болу керексің. Мәселен, медицина саласында жазу үшін медицина маманы, экономика тақырыбын жазуда экономист не банкир болып, сосын журналист болу керек. Журналисті экономикаға баулығаннан гөрі, ақпаратты дұрыс жеткізу үшін де экономист білімі керек», - деген пікірін айтты.

Білім беру заңына өзгерістер туралы министр мырза екі басымдықты атады. Біріншісі — 4 жылдың орнына — 2,5 жыл білім алып белгілі кредитті жинау. Белгіленген кредит жинау басты талап. Екіншісі — арнайы жүйе енгізіледі. Енді журналист әрі экономист, керісінше экономист, сосын журналист даярлауға қажетті жүйе. Енді жоғары оқу орындары пәнаралық бағдарламалар жасауы тиіс. Міне, сонда өзінің жазатын саласын талдай, жаза алатын журналистер даярланады. Медиа нарықта өте үлкен бәсекелестік бар. Елімізде 30 жоғары оқу

QYSQA-NUSQA

АI-Farabi atyndaғы Qazaq ultyғq ýniversitetinde «Smart jáne turaqty qalalar» taqyrybynda dóңgelek ústel ótti. Onyń jumysyna qatysqan Gonkong politheknykalyq ýniversitetiniń (PolyU) zertteýshileri doktor Timotı Sim, Derrick Ho, Djýnlei Iý, Djastina Iang, Kristofer Hor jinalǵan qaýymǵa qalalaryń turaqty damý máseleleri (Gonkong mysalynda) jáne tabıǵı apattar qaýpin basqarý boyynsha Gonkong tájirbesimen tanystyrdy.

Gonkongtaǵy jetekshi ýniversitet retinde PolyU QazUÝ-men birlesken jobalarydy damytý, stýdentterdiń akademiyaq utqyrylyǵy, birlesken konfrensialar men ǵylymy taǵylymdamalar ótkizý siaqty tyǵyz yntymaqtastyqqa dayyn ekendigin kórsetti. PolyU Gonkongta da, búkil álemde de ǵylymy-tehnikalyq zertteýlerde óziniń kóshbasshylıǵyn kórsete otyryp, 2018 jyly QS Top 50 Under 50 reitinginde 6-oryнды, Azia memleketteri arasynda QS University reitinginde 27-oryнды, QS World University reitinginde 95-oryнды telendi.

Bul kezdesý BUU-nyń turaqty damý maqsattary boyynsha Gonkong politheknykalyq ýniversiteti (PolyU) ǵalymdary men Qazaqstannyń ýniversitet jáne ǵylymy qoǵamdastyǵy arasyndaǵy aýqymdy yntymaqtastyqqa bastaý bolady.

Стýdent 3 kýrsa spetsialnosti «Fizicheskaia kýltúra i sport» medisynskogo fakýlteta-Výsshei shkoly obshestvennogo zdravoohraneniia Jýbatkan Syngat stal chempionom Kýbka Azi po dziýdo.

On stal zolotym prizerom na zavershivshemsia v Cholpon-Ate (Kirgizia) Kýbke Azi po dziýdo sredi molodeji. Dvadsati letnemý Syngatý Jýbatkaný ýdalos vyigrat chetyre poedinka i stat chempionom v svoei vesovoi kategorii do 66 kilogrammov. Ýchastnikami sorevnovaniı stalı bolee 200 ýnyh sportsmenov iz 12 stran mira. V planah sportsmena – vystýpit na chempionate mira po dziýdo, kotoryı proidet s 17 po 21 oktabria na Bagamskih ostrovah.

Memleket jáne quqyq teoriasy men tarihy, konstýtısialyq jáne ákimshilik quqyǵy kafedrası «Azamattyq baqylaý» qoǵamdyq qabyldaýymen birlese otyryp «Sybaılas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl factory retinde Qazaqstan Respyblıkasında bydjettik uymdar men ultyǵq kompanıalaryń kadrlyq saıasatyna meritokratia qaǵıdasyn engizýdiń negizgi joldary týraly» taqyrybynda dóңgelek ústel ótti.

Jyńǵa Abai atyndaǵy QazUPÝ, Halyqaralyq aqqaratyq tehnologiıalar ýniversiteti, Eýraziyaq zań akademiasy, NARHOZ, QR Ulytyq qaýipsizdik akademiasy jáne ózge de JOO-lardyń jetekshi ǵalym-zańgerleri, memlekettik organdar men qoǵamdyq uymdardyń ókilderi qatysty.

JSHS «Legal Protect» zań firmasynyń bas direktory zań ǵylymdarynyń doktory, professor Nurpeiisov Darhan: «Ulytyq qaýipsizdiktı qamtamasyz etý kez-kelgen egemendi memlekettiń eń ózekti máseleleriniń biri. Memlekettiń ultyq qaýipsizdigi onyń ultyq múddeleriniń shynay qaýip-qaterlerden qorǵalýynyń dárejesi men jaǵdaymen anyqtalady», - dep atap ótti. Eýrazia Zań akademiasynyń prorektory Gúlnar Alıbaeva óz sózinde sybaılas jemqorlyqtyń tamyrı ózge de áleymetik-ekonomikaq faktorlarmen qatar quqyqtyq erejeler jýesinde, quqyqtyq tájiribede sonyń ishinde quqyq qoldanýda jatyr dep atap kórsetti. Jıyn baryсында qatysyshylyar memlekettik organdardyń, ultyq kompanıalar men qoǵamdyq uymdar qyzmetiniń tiimdi bolýy úshin Qazaqstan Respyblıkasında kadrlyq saıasatty reformalaýdyń bir baǵyty retinde meritokratia qaǵıdasyn engizýdiń mańyzdylyǵyn keńinen talqyǵa saldy.

СОВМЕСТНАЯ ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ

29 июня делегация Малазийского университета штата Паханг во главе с проректором Росли Мод Юнусом встретилась с руководством КазНУ им. аль-Фараби.

Приветствуя гостей, проректор по учебной работе Аскар Хикметов рассказал об основных направлениях деятельности, международном сотрудничестве и достижениях КазНУ.

«Обучение в университете ведется на 16 факультетах, КазНУ имеет развитую инфраструктуру, большое внимание уделяется цифровизации учебного процесса и управления

вузом. В этом году начал работу новый факультет — информационно-коммуникационных технологий, который осуществляет подготовку IT-специалистов с учетом потребностей современного рынка труда и в соответствии с высокими требованиями международных образовательных стандартов», - отметил проректор.

В свою очередь проректор Малазийского университета поблагодарил руководство КазНУ за теплый прием и выразил готовность к развитию двусторонних взаимовыгодных отношений. «Наш университет нацелен на развитие человеческого капитала и передовых технологий, фокусируясь на прикладных исследованиях и коммерциализации

научно-исследовательских разработок. У нас прекрасный кампус и высокий научно-образовательный потенциал. Уверен общими усилиями мы добьемся большего результата», - подчеркнул Росли Мод Юнус.

Стороны обсудили перспективы дальнейшего сотрудничества по академическому обмену, дубличному образованию, реализации совместных проектов в сфере IT-технологий, биомедицины, физики, кибербезопасности, новых материалов и возобновляемых источников энергии.

Пресс-служба

Жетістікке бастайтын жол

Кезекті ректорат мәжілісі дәстүр бойынша құттықтау хаттарды таныстырудан басталып, еңбегімен еленіп жүрген қызметкерлерді марапаттауға ұласты. ҚР «Чернобыль ардагерлерінің одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Халел Төреғалиев Ресей марапат комитетінің «Пайда, абырой және атақ» орденімен «Парасат» қызметкерлер кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаевты марапаттады. Сонымен қатар Талғат Құмарғалиұлына жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі табысталды. ҚазҰУ «Парасат» кәсіподағының қызметкерлерінің еңбек жағдайын жақсартып, еңбек қауіпсіздігі мен еңбектің қорғалуын қамтамасыз етуге, кәсіподақ мүшелеріне құқықтық, материалдық және өзге де қатысмай көмек көрсетуіне қаржысып, университет өміріне белсенді атсалысып келе жатқаны, білікті басшылықтың шебер еңбек жасауында деп білеміз.

ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиевтің атынан келген алғыс хаттармен V Халықаралық Фараби оқулары аясында «ЮНЕСКО білім беру бағдарламаларын қолданудағы прогресс: тұрақты даму парадигмасы» форумын жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін ректор Ғалым Мұтанұлы, журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы және баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі Гүлмира Серікбайқызы марапатталады. Көп жылдық еңбегі мен университетті дамытуға қосқан үлесі үшін «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» Күміс медалімен Баян Еркебаева марапатталады.

Ректорат мәжілісі барысында «АЛАДИН» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің президенті Александр Ким ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтановпен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Аталмыш келісім-шарт болашақта «Робототехника» бағытында бірлесе отырып жана белестерді бағындыруға бастайды деп сенеміз.

Келесі болып мінбеге шыққан ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректор Тілеккабыл Рамазанов Энергетика министрі Канат Бозымбаев бастаған Еуропалық ядролық зерттеулер мекемесіне барған іс-сапары жайлы баяндамасын оқыды. Сапар барысында қол жеткізілген ынтымақтастық келісім-шарттар

жайлы атап өтті. Олар ЕЯЗМ эксперименттеріне қатысып бірлескен жариялымдар жариялау. ЕЯЗМ базасында дипломдық, магистрлік жұмыстарды орындау. Магистранттардың инженерлік мамандықтар бойынша тәжірибеден өтуі, сонымен қатар 6 айдан 1 айға дейінгі мерзім аралығында студенттер мен оқытушылардың тағылымдамадан өтіп, ядролық зерттеулер мекемесінде жасалып жатқан эксперименттермен танысуы. Студенттердің ЕЯЗМ-нің жазғы мектебіне және SummerJob бағдарламасына қатысуы да осы сапар барысында қарастырылған. ҚазҰУ-дың қолдауымен ЕЯЗМ-нің жазғы мектебін аталмыш оқу орнында өткізу жоспарланғанын жеткізді. Сонымен қатар іс-сапар барысында ATLAS, ALICE колаборацияларымен танысып, басқа да халықаралық келісім-шарттар жасалғанын айтты.

Ректорат мәжілісінде сонымен қатар Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаевтың Қазақстанның білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз агенттігінің 2018 жылғы ұлттық рейтингісінің нәтижелері, Қабалда комиссиясының жауапты хатшысы Жарылқасын Жаппасовтың қабылдау комиссиясының жұмысы туралы хабарламасы тыңдалды.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

БІЛІМ - ШЫҒА ШЫҒАРАДЫ

Республика бойынша ҰБТ тестілеуінен ең үздік нәтиже – 140 ұпайға қол жеткізген Алматы қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы №123 мектеп гимназиясының түлегі Құдайбергенова Шиара Әбдірахымқызы 28 маусымда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қонақта болды. Биылғы мектеп түлегі үздік университеттің тынысымен танысып, өзінің алға қойған арман-мақсаттарымен бөлісті.



Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан Шиараға осы шара барысында ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының директоры Рамазан Әлімқұловтың «үеде» еткен сыйлығы - айфон телефонын арнайы өкіл Жандос Құмғанбаев табыс етті. Сонымен қатар ҚазҰУ Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Жарылқасын Жаппасов ҚазҰУ атынан естелік сыйлық ұсынды.

Үздік университет тарапынан көрсетілген құрмет-сыйға алғысын білдірген Шиара Құдайбергенова: «ҚазҰУ алдыңғы қатарлы білім ордасы. Осы қарашаныраққа келгеніме өте қуаныштымын. Барлығы өте керемет. Экономика және бизнес жоғары мектебіне арнайы барып көрдім. Бұл білім ордасында білім сапасының жоғары екеніне еш күмәнім жоқ. Себебі менің әпкем осы университеттің механика-математика факультетін оқып, бітірген. Алда менің де тандап отырған университеттеріміздің бірі – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ», - деп атап өтті. Шиара Әбдірахымқызы математика және жаратылыстану бағытындағы мектепте білім алған. Ол мұндай жетістікке еңбек пен білімнің нәтижесінде жеткенін, теске тынғылықты дайындалғанын жеткізді. Бүгінде Шиара «логистика» мамандығын тандап отырғанын айтты. Біз де, жас түлекке ақ жол тілейміз!

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

В библиотеке КазНУ им. аль-Фараби прошла выставка народно-прикладного творчества, посвященная 20-летию Астаны. Организатором мероприятия выступил Бостандыкский районный филиал партии «Нұр Отан».

Выставка творчества

В работе выставки приняли участие 33 первичные партийные организации района, которые представили яркие, оригинальные и очень красивые коллективные и индивидуальные работы. Это поделки, сувениры ручной работы, картины, портреты, кулинарные изделия и многое другое. Жюри оценивало работы по таким критериям, как отражение в работах заданной темы, творческий подход, использование народных традиций, уникальность изделия, культура исполнения. Лучшие работы были награждены грамотами и ценными призами. Также был вручен приз зрительских симпатий и специальный приз жюри. Выставка завершилась праздничным концертом.

Байгали АБДАЛИЕВ,
консультант партии «Нұр Отан»
Бостандыкского районного филиала
г. Алматы

Болашақ ынтымақтастықтың бастауы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұқамбетқали Бүркітбаев Рас-ал Хайма әмірлігінен келген Шейх Сақр бин Мұхаммед әл-Қайсыми гуманитарлық қайырымдылық қорының бас директоры Ахмед бин Рашид әз-Зиғабидімен кездесті.

Кездесу барысында тараптар алдағы уақытта шығыстану факультетінде ашылғалы отырған Шейх Сақр бин Мұхаммед әл-Қайсыми атындағы оқу залының ашылуы мен болашақта қос ел арасындағы университеттердің білім мен ғылым саласы бойынша қандай бағытта қарым-қатынас орнатуға болатыны жайлы талқылады.

«ҚазҰУ-ға келіп осынан Шейх Сақр бин Мұхаммед әл-Қайсыми атындағы оқу залын ашудағы мақсатымыз екі ел басшыларының жақсы қарым-қатынастары деп білемін. Дәл осындай ынтымақтастықты біз өз тарапымыздан қос ел арасындағы университет



денгейінде дамытып, жастарға білім алуда қолдау көрсеткіміз келеді. Ал бүгінгі кездесуіміз болашақта барлық бағыттағы ынтымақтастық қарым-қатынастың бастауы деп үміттеміз», - делі Ахмед бин Рашид әл-Зааби.

Өз тілшімізден

КазНУ посетил делегация Казанского кооперативного института Российского университета кооперации. Во время встречи были обсуждены вопросы и перспективы развития сотрудничества.

Проректор КазНУ Аскар Хикметов ознакомил гостей с деятельностью университета и подробно остановился на вопросах открытия совместных образовательных программ, проведения научных исследований и академической мобильности. Информация о научно-образовательной деятельности КазНУ и его трансформации в исследовательский университет мирового уровня вызвала большой интерес у казанских коллег.

Проректор по научной работе Казанского кооперативного института Юлия Валева подробно рассказала о направлениях деятельности института и выразила большую заинтересованность в развитии сотрудничества с ведущим университетом Центральной Азии и СНГ.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесі күнін ұрпақтар жадында қаларлық жаңалықтармен, жөдігерлермен әрдайым атап өту қаламгер қауым үшін дәстүрге айналған. Соның бір айғағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті түлектерінің мерейтойлық жүздесулері.

Биыл оқу бітіргендеріне 40 жыл толу тойын биік шығармашылық деңгейде атап өткен ақшашты курстастар қарашаныраққа құр қол келмей, бағалы сый – ақпарат ардагерлеріне арналған «Біз!» атты жинақты әл-Фараби атындағы кітапханаға және факультет пен кафедраларға тарту етті. Аталған жиынды өткізуге мұрындық болған белгілі баспагер-журналист, республикалық «Абитуриент» басылымының Бас редакторы Баян Болатханова былай дейді: «Тойымыз өз дәрежесінде, ашық аспан астында, Алатау бөктерінде дүркіреп өтті. Көңілдерде шуақты із қалды. Төл мерекеміз тұсында өткендіктен қуанышымызды баршаңызбен бөлісіп отырмыз. «Қаламын қару етіп ұстанған» деген қанатты тіркес біздің толқынға әбден лайықты. Біз оқуға түскенде қазіргі ҚазҰУ ректораты іргетасын қалауды алғашқы еңбек тәжірибесі ретінде өз қолымызбен бастаған едік. Салынып біткен бесінші жатақхананың алғашқы тұрғындары да біздер болғанбыз. Жүректегі жылы сағыныш сезімдерін той жәдігері ретінде шығарған «Біз!» атты жинағымызда қамтуға тырыстық. Кітаптан газет-журнал, радио мен

НОВЫЕ ПАРТНЕРЫ



Делегация поблагодарила руководство преподавателями, но и проведение совместных научных проектов и исследований. Также они пригласили казахстанских коллег посетить их институт в Казани.

ПРЕСС-СЛУЖБА

ТАРЛАНБОЗДАР ТАРТУУЫ



теледидарға маңдай терлерін төккен 50-ден аса журналист-қаламгердің өмірдеректерін табуға, шығармашылығынан толық мағлұмат алуға болады. Журналистер жүздескен қасиетті жұмада бакилық болған ұстаздарымыз бен әріптестерімізге мешітте Құран бағыштап, есімдерін еске алдық».

Ақпарат ардагерлеріне арналған жинақ-руханиятымызға қосылған сүбелі еңбек. Кәсіби қазақ журналистикасын дамытуға

бүкіл саналы ғұмырын арнаған тарланбоздар қолынан қаламы мен микрофонын әлі де түсірмей, аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарында жемісті еңбек етіп келе жатыр.

Бейсенбек СЕРІКБАЙ,
баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік
өнер кафедрасының аға оқытушысы

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматыда «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» жемқорлыққа қарсы жобасы аясында білім беру саласындағы жемқорлық тәуекелдерінің картасы талқыланды. Жоғары оқу орындары, мектеп, колледж өкілдері «SANALY URPAQ» жобалық кеңсесіне жиналып, мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің, білім басқармасының жетекшілерімен білім беру мекемелеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюдың амал мүмкіндіктерін қарастырды.

Жемқорлыққа қарсы технологиялық зертхана
SANALY URPAQ
Лаборатория антикоррупционных технологий

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері картасының жобасы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы жемқорлыққа қарсы технологиялар ҒЗИ тарапынан жасалған. Бұл құжат мектепке дейінгі оқу мекемелерінен бастап жоғары оқу орындарындағы басқару, қаржы-шаруашылық, білім-ғылым, әлеуметтік-тәрбиелік сияқты білім беру салаларының барлық қызметін қамтыған. Жемқорлық тәуекелдері бағаланатын болса, онда шетелдік тәжірибеге сүйене отырып жемқорлыққа тосқауыл қойылатын тиісті технологиялар мен білім беру мекемелерінің ресурстарын тиімді пайдалану бойынша нұсқаулар жасауға мүмкіндік туады.

«SANALY URPAQ» жобалық кеңсесінің жетекшісі Қайыржан Тоқышев атап өткендей, «жемқорлыққа қарсы технологиялар мен жемқорлық тәуекелдері картасының кезеңдік және жүйелік жұмысы болашақта білім беру мекемелерінің жемқорлыққа қарсы жасаған қызметіне қатысты барлық деңгейдегі рейтингтік баға көрсеткіштері мен нақты мониторинг критерийлерін жасауға септігін тигізеді». Жемқорлыққа қарсы жобалық кеңсесі өзінің рейтингтік-мониторинг қызметін сандық форматта шығаруды жоспарлауда. Оның негізгі ажырама бөлігі әлеуметтік сауалнамалар болып табылады және осы жолы өткен отырыста оның әдіс-тәсілдері көпшілікке ұсынылып таныстырылды.

Жоғарыда аталған құралдарды енгізу әр білім мекемесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Олардың барлығы жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділік дәрежесі бойынша сараланатын болады. Рейтинг нәтижесі бойынша Алматы қаласының картасында білім саласындағы ең аз және ең көп жемқорлық тәуекелдер аймағын анықтау ұйғарылуда. Аталмыш жоба ұйымдастырушыларының ойынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы рейтинг барлық білім мекемелері үшін өздерінің жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыруға деген пәрменді ынталандыру болмақ. Жиын барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологияның тәжірибесі талқыланды, мұнда 2011 жылдан бері «Жемқорлықтан тыс университет» жобасы жүзеге асуда.

Жиын барысында университеттің нәтижеге қол жеткізуге бағытталған басқаруды іске асырудағы индикативтік жоспарлауы, оқытушылар қызметінің рейтингтік тұрғыдан бағаланып, еңбектің дифференциалды төленуі, бірыңғай ақпараттық-сараптамалық жүйе мен университеттегі бизнес процестердің сандық технологияларын жасау сияқты жұмыстар жиналған қауымның қызығушылығын тудырды.

Баспасөз қызметі

НҰРХАЙЫР ТЕЛЕУОВ ТӨЛ УНИВЕРСИТЕТІНЕ КЕЛДІ



Байланыс және ақпарат қызметкерлерінің күні мерекесі қарсаңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде журналистика факультетінің 1952 жылғы түлегі Нұрхайыр Телеуовпен кездесу өтті.

Журналистика факультетінің төртінші буын түлектері қатарында қанаттанған Нұрхайыр Телеуов ҚазҰУ қалашығына келгендегі әсерін жасыра алмады. Кешегі ҚазҰУ-дың бүгінгі келбеті мүлде жаңаша жасарғанын жеткізді. ҚазҰУ қалашығындағы әр нысанды жаяу аралап, университет мұражайына арнайы бас сұқты. Ардагер журналиспен кездесу әл-Фараби кітапханасында жалғасты. Бұл жиынға журналистика, филология және әлем тілдері, сондай-ақ университеттегі өзге де факультеттердің оқытушылары мен студенттері қатысты. Жиынның алғашында журналистика факультетінің деканы Сағатбек Медеубекұлы: «Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында төл университетіңізге қош келдіңіз. Бұл сіздің мерекеніз. Қанатыңыз талмасын. ҚазҰУ өзіңіздей түлектерімен мақтанады. Болашақ журналист мамандар үшін сізбен кездесу зор мағынаға ие. Студенттер мол тәжірибе алады. Сізді журналистиканың абызы деп қабылдаймыз. Сіздің журналистік жолыңыз студенттер үшін үлкен мектеп», - деген тілегін жеткізді.

Токсанның төріне келген Телеуов ардагер тың әрі позитивті ұстанымымен кездесуге келген қонақтарды бірден тәнті етті. Өзінің журналистік қызметінде кенестік кезең, тәуелсіздік таңы және жаһандық әлемге куә болғанын айтып, әр кезеңдегі баспасөздің ерекшеліктеріне тоқталды. Қашанда баспасөздің күші басым болатындығын жеткізіп, болашақ журналистерді мерекемен құттықтады. «Журналистика өз маңызын

жоймайтын мамандық. Бұл елдің болашағы, бүгінгі, ертені, тарихы. Заманауи бұқаралық ақпарат құралдары пайда болғанымен олар дәстүрлі журналистиканы жоя алмайды. БАҚ-та жұмыс жасағанда бірыңғай жамандап немесе кілең мақтап жазуды қоштай алмаймын. Тепе-теңдікті сақтау керек. Әр нәрсені адал, шынайы жаза білу керек. Меніңше, журналистерде көбіне өзінің ішкі тосқауылы жетесіне жеткізе жазуға мүмкіндік бермейтін тәрізді. Бұл ішкі цензура деген болар едім. Журналист батыл болуы керек.



Ең алдымен позитивті болындар. Өзіңе сенімді болуды үйреніндер. Денсаулықты күтіндер. Спортпен шұғылданындар. Тереннен ойлап, тек алға ұмтылындар», -

деді Нұрхайыр Телеуов. Ардагер журналистік шеберханасымен бөлісіп қана қоймай, өзінің ұстанымдары жайлы да айтты. Жастайынан спортты жақсы көрген ол өзінің бүгінгі таңда жүгіру-жаттығуларға, дене шынықтыруға күн сайын төрт сағат уақытын арнайтынын жасырмады. Күнделікті газет-журналдарды оқуды әдетке айналдырғанын, әлі де жазудан алыстамағанын жеткізді. Өзі күнделік жазумен айналысатынын, алда кітап та шығарып қалу жоспары бар екендігін тілге тиек етті.

Еңбек жолында тілші, бөлім меңгерушісі, партия комитеті баспасөзінің инструкторы және телеарнада журналистік қызметтер атқарған Нұрхайыр Телеуов Ақтөбедегі облыстық газетте 27 жыл редакторлық етті. Ақтөбеде облыстық телерадиокомитеті ұйымының құрылуына атсалысты. Нұрхайыр Телеуов мектеп қабырғасында жүргенде-ақ қабырға газетіне редакторлық еткен. Ол жазуды бала кезден ұнатқан. Ауылдық мектепте ұстаздық қызмет еткен. Небары 15 жасында ол КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының жарлығы бойынша "1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы айбынды еңбегі үшін" үкіметтік марапатты иеленген.

Газетте редакторлық еткен жылдары маңызды тақырыптарға қалам тербеп, редакциядағы журналистерді өзекті мәселелерге жазуға машықтандырған Н.Телеуов ізін жалғаған шәкірттерін де ерекше атап өтуді естен шығармады. 1947-52 жылдары журналистика факультетінде маманданған Н. Телеуов өзінің ұстаздарын,

қарашаңырақтағы естеліктерін ортаға салды. Айтары мол ақсақалмен болған бұл жиында гуманитарлық саладан өзге жаратылыстану факультеттерінің студенттері ғибратты әңгімелеріне зор қызығушылық танытты. Ол кісінің батылдығы, өмірге деген құштарлығы, мамандығына деген махаббаты, спортқа деген сүйіспеншілігі әр жасқа үлкен ой салды.

Биыл ҚазҰУ-дың журналистика факультеті өзінің 80 жылдық мерейтойын атап өтпек. Мұндай түлек – факультет үшін асыл қазына әрі тарих. Болашақ журналист мамандар бұл бас қосуда өздеріне пайдалы кеңестер мен нұсқаулар алды. Өз кезегінде Нұрхайыр Телеуов жеке архивінен құжаттарын ҚазҰУ мұражайына табыс етті. Мейманның төл университеті қонақтың кеудесіне ҚазҰУ-дың мерейтойлық медалін тағып, кәде-сый жасады. Ақсақал жастарға ақ батасын берді. Барлық жиналғандар ардагерді ортаға алып суретке түсті. Бұл бір жылы, ілтипатты және ерекше басқосу болды.

Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА



Экологтарды дайындаудағы серпіліс

ҚазҰУ-да Экология мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының халықаралық семинары өтті.



Білім беру бағдарламасын құрастыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің грантына тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары ие болды. Негізгі оқу бағдарламасын, мамандық паспортын құрастыру және болашақ түлектердің күзіндеттілік жобасын арттыру бойынша ұйымдастырылған шараға шетелдік жоғары оқу орындарының өкілдері, экология саласына қызығушылық танытқан қазақстандық және мүдделі тараптар сонымен қатар, ұйымдар мен салалық кәсіпорын өкілдері қатысты.

Білім беру бағдарламасының үйлестірушісі Тамара Тәжібаева шетелдік әріптестермен тікелей онлайн байланысқа шығып, оқу бағдарламасын міндетті пәндермен толтыру бойынша пікір алмасты. Жұмыс тобында басқа да әлемдік белді университеттердің өкілдері байланыс орнатып, бакалавр-экологтарды дайындау бойынша мүмкіншіліктерді кеңейту мәселелерін талқыланды.

Шара аясында «Мұнай және Газ» Ұлттық инженерлік академиясының ғылыми-инженерлік орталығының директоры Н.К. Надилов, Экологиялық мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу институтының өкілі А.Скакова, полимерлі материалдар мен технологиялар институтының директоры С.Е. Құдайбергенов, «Теніз биологиясы» ЖШС директоры, «Ғылым және аквамәдениет бойынша Қазақстан балық шаруашылығы» Республикалық басқарма бірлестігінің төраға

орынбасары С.Темірханов және «KazWaste» қалдықтарды басқару жөніндегі қазақстандық қауымдастығының директор міндетін атқарушы В.Мустафиналар болашақ экологиялық мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру бойынша талаптарды тұжырымдады.

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы

ТҮРКИЯДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ СИМПОЗИУМЫ ӨТТІ

Жақында Түркияда Ыстамбұл университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйымдастыруымен Еуразия кеңістігіндегі Халықаралық ғылыми зерттеулер симпозиумы өтті. Екінші рет ұйымдастырылып отырған шараға Түркия, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Украина, Молдава, Румыния, Иран тағы басқа мемлекеттерден 70-тей қатысушы келді. Симпозиумда түркология, шығыстану, этнология, коммуникация, терминология, әдебиет, мәдениет, философия мәселелері жан-жақты қарастырылды.



Шараны ұйымдастыруға Ыстамбұлдағы «әл-Фараби ғылыми зерттеу орталығы» ұйытқы болды. Аталған орталықтың жетекшісі, Ыстамбұл университетінің профессоры Абдуллах Қызылжық симпозиумның салтанатты ашылу кезінде: «Өткен жылы алғаш рет ұйымдастырылған кезде Симпозиум қатысушылары 30-дай ғана еді. Биыл екі есе жиналып отырмыз. Келер жылы қатысушылар саны бұйырса 150-ге жетіп қалар. Мәселе қатысушылар санында емес, ең бастысы Еуразия кеңістігіндегі ғылыми мәселелердің талқылануы олардың шешуші жолдарын ұсынуымызда болып отыр. Ғылыми тұжырымдамалар, зерттеулер нәтижелері осындай жиындарда ашылады. Тәжірибе алмасып, пікірлес, диалог болуымыздың өзі үлкен жетістік», - деді. Сонымен қатар Ыстамбұл университетінің ректоры профессор Махмұт Ак мырзаға және әл-Фараби университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов мырзаға қолдау көрсеткендері үшін алғысын білдірді.

Ашылу салтанатынан кейін әр сала бойынша 7 секцияда баяндамалар тыңдалды. Қозғалған мәселелер алдағы уақытта жинақ болып Ыстамбұлда жарық көреді.

Симпозиумның екінші күнінде «Түрік әлеміндегі ономастика мәселелері» атты дөңгелек үстел өтті. Шараға әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ, филология және әлем тілдері факультетінің профессоры Г.Б.Мадиева, доцент С.Бектемирова жауапты болса, Ыстамбұл университетінің профессоры, доктор О.Сапашев модератор болды. Ғалымдардың қызу талқылауынан кейін, қатысушылар Ыстамбұл кітапханасын аралалады. XVII ғасырдан бері сақталып келе жатқан сирек кітап қорымен танысу зерттеуші ғалымдар үшін зор мүмкіндік болды. Сонымен қатар «Түрік дүниесі зерттеу орталығы» да қатысушыларды құшақ жая қарсы алды.

Симпозиумның үшінші күні қатысушылар Ыстамбұлдың ең көрікті жерлеріне саяхат жасады. Мәрмәр теңізінде кемемен жүзіп, Түркияның барлық аудандарындағы ең танымал жерлерінің макеттері орналасқан ашық аспан астындағы мұражайға барды. Сұлтанәхмет мешітіне барып, құран бағыштады. Осман заманында ашылған «Гүлхана» саябағындағы «Ислам ғылымының мәдениет мұражайы» қатысушыларға түрік ғылымының бастауларын таныстырды.

Қорыта айтқанда, Еуразия кеңістігіндегі ғылыми зерттеулерді қамтыған симпозиум өз мақсатына жетті. Ғалымдардың пікір алмасу алаңының жылдан-жылға кеңейе беруіне тілектестік білдіреміз.

Айкерім ӘЛІМЖАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
журналистика факультетінің
PhD докторанты

ӘСКЕРИ КАФЕДРАДА ОҚУ ЖИЫНЫ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығына сәйкес, ҚазҰУ-дың әскери кафедрасында 23 шілдеден бастап 25 тамыз аралығында запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасының толық курсы өткен студенттермен оқу жиыны өткізіледі.

Бұл жылы оқу жиынына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әскери кафедрасында әскери-есеп мамандығы бойынша оқыған студенттері шақырылады. Атап айтқанда құлдық әскерлерінің ӘШҚҚ әскерінің офицерлері, мотоатқыш бөлімшелерінің командирлері, тәрбие жүйесінің офицерлері, әскери зангерлер, әскери психологтар, әскери журналистер және дене шынықтыру дайындығы мен спортты ұйымдастырушы офицерлер.

Жиын барысында курсанттар оқу атыс жаттығуларынан өтеді және де құлдық әскерлерінің ӘШҚҚ әскеріне дайындалған запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасын толық оқыған курсанттар ЗҚ-23 зениттік кондырғыдан ұрыс атыстарын орындайды.

Әскери-патриоттық және мәдени-тәрбие іс шаралардың кеңейтілген бағдарламасына тоқталар болсақ, әскери оқу орындарға бару, Қарулы күштер ардагерлерімен кездесу мен спорттық іс-шаралар жоспарлануда.

Оқу жиынын аяқталу кезінде салтанатты рәсімде әскери антты қабылдау болады.

Әскери кафедра

Жаңа мамандықтар ашылды

ҚазҰУ-да жаңа оқу жылы қарсаңында 11 мамандық ашылды. Бұл туралы қабылдау комиссиясының мамандары хабардар етті.

Жаңа оқу жылы бакалавриатта – 2, магистратурада – 3, докторантурада – 6 мамандық ашылды. Атап айтқанда, бакалавриатта – медицина (қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі), исламтану (философия және саясаттану). Магистратурада – жанжалтану (философия және саясаттану), электроэнергетика (физика-техникалық факультет), наноматериалдар және нанотехнологиялар (биология және биотехнология факультеті).

Докторантурада – мұражай ісі және ескерткіштерді қорғау, мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжаттамалық қамтамасыз ету (тарих, археология және этнология), жылу энергетикасы, стандарттау және сертификация (физика-техникалық факультет), наноматериалдар және нанотехнологиялар (биология және биотехнология факультеті), информатика, есептеу техникасы және басқару (ақпараттық технологиялар факультеті). Аталған мамандықтар бойынша биыл алғаш рет талапкерлерден құжат қабылданды. Мәселен магистратурада жанжалтану мамандығына 10 грант бөлінген болса оған 14 талапкер, докторантурада стандарттау және сертификация мамандығына 3 грант, 4 талапкер және наноматериалдар және нанотехнологиялар мамандығына 20 грантты 3 факультетке бөлген, оған 41 талапкер құжат тапсырған.

Жоғары білім беру саласында ҚазҰУ мамандықтар саны ең көп білім ордасы саналады. Осыны ескеріп білім ордасына оқуға түсуге талпынатын талапкерлер саны жылдан-жылға артып келеді. Оған дәлел биылғы 6 мыңнан аса мектеп бітіруші түлек ҚазҰУ-дың білім грантын иеленді. Олардың ішінде Алтын белгі иегерлері, халықаралық, республикалық және әл-Фараби олимпиадаларының жеңімпаздары бар. Ал ақылы бөлімге қабылданудағы ең төменгі бал педагогикалық мамандықтарға 60 басқаларына 65 балды құрап отыр.

Баспасөз қызметі

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қабылдау комиссиясы 18-26 шілде аралығында республикалық білім гранты байқауына талапкерлерден құжат қабылдайды.

Қабылдау комиссиясы



керек.

Қабылдау комиссиясы жұмысының өзгерістері туралы айтар болсақ, былтыр әрбір

талапкердің білім беру гранты байқауына қатысуы үшін өтініштер мемлекет бекіткен бланкты толтыру арқылы жүзеге асырылған

болатын. Ал биыл барлық өтініштерді электронды форматта яғни веб-портал арқылы қабылдайды. Байқауға түсетін балл мемлекет тарапынан реттеледі, ұлттық университеттерге барлық мамандықтар бойынша 65 баллдан төмен болмауы керек, ал педагогикалық мамандықтар 60 баллдан жоғары болуы тиіс, жекеменшік оқу орындары үшін 50 баллдан жоғары болуы қажет. Сонымен қатар ақылы бөлімге 25 тамызға дейін талапкерлер өз құжаттарын тапсыра алады.

Республикалық байқау комиссиясы 27 шілде мен 5 тамыз аралығында өтініш берген талапкерлердің грант иелену мүмкіндігін қарастыратын болады, ал қортындысы республикалық «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланады.

Сонымен қатар биыл алғаш рет ҚазҰУ-да шетелдік талапкерлерді онлайн қабылдау жүйесі іске қосылды. Аталмыш жүйе бойынша университеттің барлық мамандықтарына өтініштер қабылданады.

Жоғары білім алуға талпынған талапкерлерге ақ жол тілейміз!

Баспасөз қызметі

Изучая историю и современное состояние издательского дела, книжного дизайна, редакторского процесса, можно прийти к выводу о том, что в центрально-азиатском регионе, в неотъемлемой части Великого Шелкового пути, традиционно ценили книгу, источник знаний и лиц, умеющих читать, а тем более – издавать (переплетать) книги и хранить их.

ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ДЕЛО В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ



съезде научно-педагогических работников Казавтономии летом 1924 г. в выступлениях А.Букейханова, А.Байтурсынова, М.Дулатова и др. Они настаивали на

создании национальных учебников и распространении по всему Казахстану и в Монголии, Китае, среди диаспоры в ареалах проживания казахов, узбеков и кыргызы.

деятельности, в век инноваций и глобализации, актуализируя деятельность профильных вузовских кафедр – задача нового поколения.

Рукописные книги, в том числе священные, бережно хранили в духовных храмах (мечети Туркестана и Синьцзяна, Поволжья, дацаны Тибета). Шокан Валиханов во время экспедиций в Кашгар и Кульджу, как известно, посещал богословов в поисках рукописей.

История издательского дела в Казахстане уходит корнями в прошлое. Духовные ценности вдоль Шелкового пути еще предстоит исследовать. Особенно книги, религиозные верования, традиции и т.п. Востребованная информация того времени фиксировалась на твердой или мягкой основе: шелк, кожа, дерево, береста, папирус, камень. К этому аспекту ныне проявляют большой интерес антропологи, социологи и культурологи Европы.

Именно на степных просторах существовала традиция передачи знаний и книг из-рук-в-руки (book-crossing). Так появился термин «степная библиотека». Об этом, в частности, говорилось на

Программная статья Президента страны «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» меняет четкие ориентиры подготовки профессиональных кадров. Без надлежащего воспитания - знания еще не формируют гражданина, на это указывал еще великий философ Абу Наср аль-Фараби.

Обращает на себя внимание перспектива системной работы в тандеме вузов, с одной стороны, и крупных издательств и библиотек Центральной Азии – с другой. Организация тематических экскурсий, клубов по интересам, дистанционных онлайн семинаров, лекториев послужит делу распространения просвещения и адаптации обучающихся, в информационном пространстве. Сохранить библиотеки как хабы культурно-просветительской

Преподавателями кафедры издательско-редакторского и дизайнерского искусства факультета журналистики КазНУ ведется системная публикационная деятельность. База практики студентов и магистрантов кафедры сформирована из ведущих книжных издательств республики и зарубежья, в том числе «Қазақ университеті». В программу обучения внедрены мастер-классы редакторов и издателей практиков. Кафедра обеспечена профессиональными кадрами и учебными пособиями, а специальности прошли международную аккредитацию.

Гюльнар МУКАНОВА,
к.и.н., доцент кафедры
издательско-редакторского
и дизайнерского искусства

ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ

ҚР Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бас қосты. Бұл жолы қаламгерлер өздерін ақпарат айдынында ғана емес, теңбіл доп алаңында да ширақ екендіктерін дәлелдей келгендей. Олар ҚазҰУ-лық журналистер қауымы мен еліміздегі БАҚ қызметкерлері арасында ұйымдастырылған футбол турнирінде бақ сынап, салауатты өмір салтын насихаттады. Футбол командаларының құрамы аты елімізге танымал журналистерден құралған.



Аталмыш футбол турнирінде «Қазак университеті» баспа үйі құрамасы қарсы келген командалардың барлығынан басым түсіп, бірінші жүлдені жеңіп алды. Ал екінші орынды ҚазҰУ баспасөз қызметкерлері командасы еншілесі, үшінші орын КТК телеарнасы мен Алматы қаласы журналистері құрамасына бұйырды. Осылайша, байланыс және ақпарат құралдарының қызметкерлері тек ақпарат саласында ғана емес, спортта да өз белсенділіктерін танытты. Жоғары позитив пен көңіл күйге толы болған бұл турнир журналистерді бір сергітіп алғандай. Жеңімпаздарды ҚазҰУ-дың Бірінші проректоры М.Бүркітбаев диплом және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Еліміздегі үздік университетте өткен бұл турнир тараптар арасындағы әріптестікті тіптен нығайта түскендей.

Баспасөз қызметі

САМБОДАН ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН



ҚазҰУ студенті Мәскеу қаласында жасөспірімдер арасында самбодан өткен халықаралық фестивальде жүлделі орынмен оралды.

Дүбірлі додада Қазақстан, Ресей, Армения, Белоруссия және басқа да әлем елдерінен келген 17-18 жастағы 90-нан аса жасөспірімдер сынға түсті. Биыл алғаш рет Эстония, Германия елдерінен келген құрама командалар боз кілемде белдесті. Екі күнге созылған байрақты бәсекеде ел намысын қорғаған ҚазҰУ студенті Зиналиев Құдайназар 81 келідегі салмақта өнер көрсетіп, жүлделі 3 орынды иеленді. Спорттың бұл түрімен 7 жастан бастап айналысқан спортшының аға бапкері Қойшыманов Файзолла. Жарыста балуандар 10 түрлі салмақ дәрежесі бойынша белдесіп, жеңімпаздар өз аймақтарының абыройын асқақтатты.

Дене шынықтыру және спорт кафедрасы

ДЕНСАУЛЫҚ

САЛЬМОНЕЛЛЕЗ

Жазғы кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі ішек жұқпаларының алдын алу. Оның ішінде сальмонеллез жұқпасы жаз айларында өршиді. Өйткені жазғы мезгілде жеке бас гигиенасы көбіне сақталмай, тағамдардың тез бұзылуы немесе дұрыс сақталмауы жиі орын алады. Бүгінде Алматы қаласы бойынша сальмонеллез жұқпасы 23,5 пайызға төмендегенімен, күнделікті жұқпалы ауруханаға науқастардың шағымдарымен қаралуы да үзілер емес.

дерттің бірі болып табылады. Сальмонеллез жұқпасымен ауыратындар саны жыл сайын өсіп келеді. Сонымен қатар, әр түрлі жан-жануарлар, мүйізді ірі-қаралар мен ұсақ малдар, шошқалар мен тауықтар, үйректер мен қаздар, көгершіндер, сондай-ақ, сальмонеллездің бактериясын тасымалдаушылар мен осы дертпен науқастанғандар (көбінде дертке шалдыққан балалар мен жас босанған аналар, емдеу мекемелерінің қызметкерлері) ауруды жұқтыру көздеріне жатады.

Сальмонеллез жұқпасының ерекшелігі, оның қоздырғышы қоршаған ортада ұзақ уақыт бойы: суда 120 күнге дейін, ет пен шұжықтарда 2-4 ай бойы, ірімшікте 1 жылға, жер қыртысында 18 айға дейін сақталады. Кейбір азық-түліктерде (жұмыртқа, сүт, ет тағамдары) олар сақталып қана қоймай, тамақтың дәмі мен түрін бұзбастан көбейеді. Оларға тұздау мен кептіру өте әлсіз әсер етеді. Инкубациялық кезең 6 сағаттан 7 тәулікке дейін созылады. Аурудың диагнозын клиникалық көрініс, зертханалық зерттеу нәтижесі бойынша және эпидемиологиялық анамнез (сальмонеллезді жұқтыруға себеп болуы мүмкін тағамның болуы) деректері бойынша қояды.

Егерде, сальмонеллез жұқпасын жұқтырған наукас бар болған ошақта, бірге тұратын, дер кезінде арнайы, дұрыс, сапалы ем алмаған жағдайда, ауру көзінің созылмалы дертіне, асқынуына, сонымен қатар, дені сау жұқпа көзінің тасымалдаушылығына шалдығуы мүмкін.

Аталған аурудан сақтану үшін, құстардың етінен тағам дайындау кезінде, оларды қайнатудың ережелерін мұқият сақтаған дұрыс. Құстар мен жан-жануарлар еттеріне арнап қолданған ыдыс-аяқты, бөлетін тақтайшаны, үстелдің үстін сабындап жуу керек. Құс пен мал еттерін пайдаланарда әбден жақсылап қуыру қажет. Ал жұмыртқаны шикілей пайдалануға болмайтындығын ұмытпау қажет. Пайдаланардан бұрын, мұқият тазалап жуған соң ең кем дегенде 7-10 мин қайнатып барып пайдаланған жөн.

Малды сойғанда малдәрігерлік тазалық қағидаларын сақтау, азық-түлік өнімдерін дұрыс тасымалдау, сақтау кестесін орындау ережелерін мұқият орындау және де күдікті, жабайы сауда орындарынан азық-түліктерді алмай, жеке бас гигиенасын сақтау, сонымен қатар, мерзімі өткен азық-түлік өнімдерін қолданбау, тез бұзылатын тағамдарды сақтау ережелерін бұзбай қолдану қажет.



Ең бір айта кететін жайт, науқастанған адам

бірге жұмыс істейтін кісілер 7 күн аралығында медициналық көмекке жүгініп, бақылауда болуы қажет. Өйткені олардың шағымы, яғни қызуы бар ма, іші өтпей ме, іші ауырмай ма, ағзаларында қандай да бір өзгерістер бар ма деген сұраулар жасалады. Мұның өзі жұқпа көзін әрі қарай болдырмау, дені сау тасымалдаушыларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Жұқпа көзін болдырмайық десек, өз денсаулықтарыңызға салғырт қарамай, алдын алу шараларын дер кезінде дұрыс жүргізген абзал.

К. ХАСЕНОВ,
Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті
Бостандық аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы



Туған күніміз, Астана!



Суреттер галаматордан алынды

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**
Дизайнер: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында
басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана
Тапсырыс: № 867

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.